

«Бекітемін»
ШЖҚ «Текелі қалалық ауруханасы» МКК директоры
Целищева Е.Н.
«21» маусым 2023ж.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

- Осы Ереже ШЖҚ «Текелі қалалық ауруханасы» МКК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) қызмет тәртібін, міндеттері мен құзыретін айқындайды
- Комиссия жүйелі түрде келесі іс-шаралар кешенін жүзеге асыратын кеңесші орган болып табылады:
 - сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды анықтау және жою;
 - ұйымдағы сыбайлас жемқорлықтың енуінен қорғаудың оңтайлы тетіктерін әзірлеу, ондағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту;
 - сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша қызметкерлерді мониторингілеу мен ақпараттандырудың бірыңғай жүйесін құру;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат жүргізу.
- Осы Ереженің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:
 - сыбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе пайда табу мақсатында заңсыз пайдалануы өзіне не үшінші тұлғаларға, сол сияқты осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы пара беруі;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат** – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, қоғамның мемлекеттік органдардың қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер** – осы Заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарын жою жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы– заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

2. Комиссия міндеттері

Комиссия келесі міндеттерді шешуге арналған:

1. Ұйымның сыбайлас жемқорлық себептерін және оларға ықпал ететін жағдайларды жою, сыбайлас жемқорлық фактілері мен оның көріністерін анықтау және жолын кесу жөніндегі қызметін үйлестіреді.
2. Ұйымдағы сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды іске асыруға бағытталған ұсыныстар енгізеді.
3. Ұйым қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын болдырмау және алдын алу бойынша іс-тәжірибеде пайдалану үшін ұсынымдар әзірлейді.
4. Сыбайлас жемқорлықты болдырмауға (алдын алуға) және сыбайлас жемқорлықтың құқық бұзушылық субъектілерін анықтауға бағытталған шараларды іске асыру бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-әрекет жасайды.

3. Комиссия өкілеттіктері

- 3.1. Комиссия ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіреді.
- 3.2. Комиссия ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті жетілдіру жөніндегі медициналық кеңесінің қарауына ұсыныстар енгізеді, сондай-ақ оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша жергілікті нормативтік актілердің жобаларын дайындауға қатысады.

3.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті жүзеге асырудың нысандары мен әдістерін әзірлеуге қатысады және олардың іске асырылуын бақылайды.

3.4. Ұйымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмысты жетілдіру туралы ұсыныстарды қарастырады.

3.5. Комиссия шешімдері отырыста қатысып отырған Комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады және ұсынымдық сипатта болады, комиссия төрағасы қол қоятын хаттамамен рәсімделеді, ал қажет болған жағдайда, егер қолданыстағы заңнамада өзгеше көзделмеген жағдайда, директордың тиісті бұйрықтары мен өкімдерін қабылдау жолымен іске асырылады. Комиссия мүшелері шешім қабылдау кезінде тең құқықтарға ие.

4. Комиссия Төрағасы

4.1. Комиссия отырысының өтетін орнын, уақытын және күн тәртібін айқындайды, қажет болған жағдайда іске мамандарды тартады.

1. Ұйымның директорын ұйымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын іске асыру нәтижелері туралы хабардар етеді.

2. Өз орынбасарына және Комиссия мүшелеріне тиісті тапсырмалар береді, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

3. Комиссия отырысының хаттамасына қол қояды.

4. Комиссия төрағасы мен Комиссия мүшелері өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады.